

"ҚҰҚЫҚТАНУ" ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

9-сынып

1. ҚР-ның Президенті келесі актілерді шығарады:

- 1) бұйрық, қаулы
- 2) заң, шешім
- 3) жарлық, шешім
- 4) жарлық, өкімдер
- 5) заң, қаулы

2. Қазақстан Республикасындағы басқару нысаны:

- 1) парламенттік республика
- 2) конституциялық монархия
- 3) абсолютті монархия
- 4) президенттік мемлекет
- 5) аристократтық республика

3. Әкім өкілеттілігінің мерзімі:

- 1) 1 жыл
- 2) 5 жыл
- 3) 3 жыл
- 4) Президенттің белгілеген өкілеттілігінің мерзімінің соңына дейін
- 5) өкілеттік мерзімі анықталмаған

4. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құрылым белгілері:

- 1) конфедерация
- 2) автономды республика
- 3) унитарлы мемлекет
- 4) федерация
- 5) империя

5. Қоғамдық бірлестіктертіркеледі:

- 1) жергілікті әкімшіліктерде
- 2) санақ ұйымдарында
- 3) әділет органдарында
- 4) ішкі істер органдарында
- 5) прокуратурада

6. Федерация дегеніміз:

- 1) бұл мемлекеттің субъектілері белгілі бір деңгейде мемлекеттік егемендікке ие
- 2) біртұтас мемлекет
- 3) мемлекетаралық одақ
- 4) мемлекеттердің уақытша одағы

5) бөліктері дербес мемлекеттер немесе егемендік сипаттағы мемлекеттік құрылымдар болып табылатын күрделі одақтас мемлекет

7. Әкімшілік ұстаудың мерзімі қанша?

- 1) 3 тәулік
- 2) 15 тәулік
- 3) 3 сағат
- 4) 24 сағат
- 5) 12 сағат

8. Республикалық басқару нысынының белгісі:

- 1) мемлекет басшысының сайланатындығы
- 2) мерзімсіз билік
- 3) мемлекет басшысының жауапкершілік институтының болмауы
- 4) тақ мұрасы
- 5) өкілетті органдардың болмауы

9. Аталған шаралардан қайсысы әкімшілік төлемдер шараларына жатады?

- 1) айыппұл
- 2) әкімшілік ұстау
- 3) заттарды тексеру
- 4) құжаттарды тексеру
- 5) ПБ-нің қызметкерлерімен көлікті тоқтату

10. Қазақстанда мемлекеттік билік бөлінеді:

- 1) муниципальді билік
- 2) тұрақты, уақытша билік
- 3) тақ мұрасы, жергілікті билік
- 4) заң шығарушы, атқарушы, сот билігі
- 5) президенттік, парламенттік билік

11. Өркениетті қоғамдағы басты мемлекет функциясы қандай болу керек:

- 1) адамның құқы мен бостандығын қорғау
- 2) адамның құқығын қорғау
- 3) салық салу функциясы
- 4) құлатылған тапты басып тастау
- 5) адамның бостандығын қорғау

12. Мемлекет функциялары төмендегідей бөлінеді:

- 1) тұрақты және уақытша
- 2) сыртқы және ішкі
- 3) атқарушылық және сот
- 4) негізгі және негізгі емес

5) әлеуметтік және экономикалық

13. ҚР-ның Парламенті - бұл:

- 1) заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы атқарушы орган
- 2) заң шығару қызметін жүзеге асыратын жергілікті өкілетті орган
- 3) құқықшығармашылық қызметті жүзеге асыратын жергілікті заң шығарушы орган
- 4) заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы өкілетті орган
- 5) заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы сот органы

14. Құқықтық мемлекеттің белгісін атаңыз:

- 1) мемлекет шекарасының болуы
- 2) басқарудың республикалық нысаны
- 3) президенттік институттың болуы
- 4) заңның үстемділігі және жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығының ақиқаттылығы
- 5) заңның үстемділігі

15. Құқықтың қазіргі анықтамасы:

- 1) қоғамда танылған әрекет мүмкіншілігі немесе негізделген, расталған бостандық
- 2) мемлекеттік билікпен орнатылған және онымен қоғамдық қатынастардың бекітілуі мен дамуы толықтай қорғалатын нормалар жүйесі
- 3) үстем таптың мазмұны өмірдегі материалдық жағдаймен анықталатын билеуші таптың заңға айналған еркі
- 4) билеуші таптың еркінің заңға айналғандығын білдіретін адамдардың мінез-құлқының нормативті-таптық реттеушісі
- 5) қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған мемлекетпен тағайындалған және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті нормалар жүйесі

16. Құқық функциялары /қызметі/ - бұл:

- 1) декларативті, позитивті
- 2) корпоративті, әлеуметтік
- 3) ұлттық, нәсілдік
- 4) реттеуші, қорғаушы
- 5) әлеуметтік, авторитарлық

17. Мемлекеттің пайда болуының теологиялық теориясы былай деп түсіндіреді:

- 1) мемлекет бір тайпаның екінші тайпаны басып алуы нәтижесінде құрылды
- 2) мемлекет әлеуметтік эволюцияның жемісі, биологиялық организммен тепе-тең
- 3) мемлекет бұл құдай еркінің жемісі
- 4) мемлекет табиғи жолмен пайда болды
- 5) мемлекет тап күресі нәтижесінде пайда болды

18. Зорлық-зомбылық теориясы бойынша мемлекеттің пайда болуының басты себептері қандай?

- 1) бір тайпалардың екінші тайпаларды жаулап алуы және бір тайпаның екінші тайпаға үстемдік орнатуы
- 2) таптардың пайда болуы және олардың арасындағы бітпес күрес
- 3) ақшаның қалалар мен қолөнердің пайда болуы
- 4) климаттың өзгеруі және өндіріс құралдарының дамуы
- 5) мемлекетті құру үшін адамдар арасында ерікті келісімдердің жасалуы

19. Мемлекеттік және қызметкерлердің жауапкершілігінің түрлері:

- 1) қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік
- 2) қылмыстық, әкімшілік
- 3) қылмыстық, әкімшілік, заттай
- 4) тек қана тәртіпке бағынған
- 5) тек қана заттай

20. Құқықтың пайда болуының алғашқы қайнар көздері:

- 1) дін, салт
- 2) салт, мораль
- 3) мораль, дін
- 4) тыйымдар, салт, мораль, дін
- 5) тыйым салулар

21. Мемлекеттің негізгі рәміздерін атаңыз:

- 1) билік, салт
- 2) ту, елтаңба, әнұран
- 3) ұлттық валюта
- 4) мемлекеттің егемендігі
- 5) саяси партиялардың болуы

22. Құқық бұзушыға келеңсіз ықпал ету шараларын белгілейтін құқықтық нормадағы заң нормасының бөлшегі қалай аталады?

- 1) санкция
- 2) диспозиция
- 3) гипотеза
- 4) презумпция
- 5) аксиома

23. Құқықтық әдет-ғұрып дегеніміз:

- 1) тарихи қалыптасқан адамдардың мінез-құлық ережесі
- 2) мемлекеттік органның шешімі
- 3) мемлекетпен танылған, тарихи қалыптасқан ұрпақтан- ұрпаққа беріліп, дәстүрге айналған мінез-құлық ережесі
- 4) барлық қатынас субъектілеріне арналған биліктік нұсқау

5) кейбір индивидтердің еркін білдіру әдісі

24. Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды

- 1) 1991 жылы 1 желтоқсан
- 2) 1993 жылы 5 қаңтар
- 3) 1995 жылы 30 тамыз
- 4) 1995 жылы 25 қазан
- 5) 2000 жылы 16 желтоқсан

25. Қазақстан Республикасының Конституциясы қанша бөлімнен тұрады:

- 1) 5 бөлімнен тұрады
- 2) 7 бөлімнен тұрады
- 3) 9 бөлімнен тұрады
- 4) 11 бөлімнен тұрады
- 5) 13 бөлімнен тұрады